



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2021 жылдың үшінші тоқсаны бойынша мәлімет

## Тарих/Қатысушылар

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.
- Қазіргі таңдағы ТШО серіктестері: «Шеврон» - 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ - 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» - 25% және «ЛукАрко» - 5%.

## Өнім өндіру/Қорлар

- Теңіз коллекторының жалпы барланған қоры 3,2 миллиард тонна (25,5 миллиард баррель), ал Королев кен алаңында 200 миллион тонна (1,6 миллиард баррель) мұнайды құрайды.
- Теңіз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры 890 миллионнан 1,37 миллиард тоннаға дейінгі мөлшерде (7,1 – 10,9 миллиард баррель).
- Теңіз коллекторының ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль).
- ТШО 2008 жылы Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік көлемін шамамен 75 мың тоннаға (600 мың баррель), ал табиғи газдың тәуліктік өнімін 22 миллион текше метрге (750 миллион текше фут) жеткізді.
- 2021 жылдың үшінші тоқсанында шикі мұнай өндіру көлемі 18,9 миллион тоннаны (151 миллион баррель) құрады.

## Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- ТШО 2000 жылдан бері табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 3,14 миллиардтан астам АҚШ доллары көлемінде инвестиция салды.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 71%-ға азайды.
- ТШО 2021 жылдың үшінші тоқсанында өндірілген газдың 98,8%-ын кәдеге жаратты.
- 2021 жылдың үшінші тоқсанында суды қайтадан пайдалану көрсеткіші 46%-ды құрады. ТШО тұрмыстық ағын суларды кәдеге жарату, өнеркәсіптік мақсатта тазарту және қайта пайдалану арқылы суды үнемдеу бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда.
- ТШО қалдықтардың 35-тен аса түрін қайта өңдеуге жібереді. 2021 жылдың үшінші тоқсаны соңында қайта өңделген қалдықтардың үлесі 49%-ды құрады.

## Өнімдерді өткізу

- ТШО 2021 жылдың үш тоқсанында 1.07 миллион тоннадан астам сұйытылған газ, 5,1 миллиард текше метр құрғақ газ, сондай-ақ 1,9 миллион тоннадан астам күкірт өткізді.

## Қазақстан Республикасы экономикасына қосқан үлесі

- 1993 жылдан бастап 2021 жылдың үшінші тоқсаны дейінгі аралықта ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржылай салымы кәсіпорынның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақыны, қазақстандық тауар өндірушілер мен қамтушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржыны, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялтиді қоса алғанда 158 миллиардтан астам АҚШ долларын құрады.
- 2021 жылдың үш тоқсанында ТШО-ның Қазақстанға тікелей төлем қаржысы 5,9 миллиард АҚШ долларын құрады.
- ТШО 2021 жылдың үш тоқсанында 2,7 миллиард АҚШ долларына қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтері сатып алды, оның 1,8 миллиард АҚШ доллары КҚЖ-ҰЕҚБЖ (Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы) шеңберінде жұмсалды.
- ТШО 1993 жылдан бері 39,3 миллиардтан астам АҚШ долларына қазақстандық қамтушылардың тауарлары мен қызметтерін сатып алды.



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2021 жылдың үшінші тоқсаны бойынша мәлімет

## Қызметкерлерді шыңдау

- Негізгі өндіріс пен КҚЖ-ҰЕҚБЖ-да жұмыс істейтіндердің 87,6%-ы Қазақстан азаматтары. КҚЖ-ҰЕҚБЖ қызметкерлерін есепке алмағанда, ТШО штатындағы қызметкерлердің 93,5%-ы қазақстандықтар. 1993 жылы бұл көрсеткіш 50% болатын.
- Жалпы басшылық құрамның 77,2%-ын қазақстандық жоғары және орта буын жетекшілер құрайды. КҚЖ-ҰЕҚБЖ-ны есепке алмағанда қазақстандық жоғары және орта буын басшылардың жалпы үлесі 87,2 %.
- Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламалар нәтижесінде анағұрлым жауапты басшылық лауазымдарға жергілікті қызметкерлер көбірек тартылуда.

## Әлеуметтік салаға үлес

- ТШО 1993 жылдан бері өз қызметкерлері мен Атырау облысы тұрғындардың игілігіне бағытталған түрлі әлеуметтік жобаларға 2,2 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.
- «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының 2021 жылғы бюджеті 30 миллион АҚШ долларын құрады. Аталмыш қаржының негізгі бөлігі Атырау облысындағы балабақшалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандар құрылысына бағытталады.
- 2021 жылы әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде Атырау облысы мен Боранқұл ауылында (Маңғыстау облысы) денсаулық сақтау, білім беру сапасын көтеру және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға 1,6 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлінді.
- ТШО пандемия басталғалы бері Атырау облысында коронавируспен күрес, тұрғындарды қолдау және медициналық құрал-жабдықтарды сатып алуға 18,3 миллион АҚШ долларына жуық (7,7 миллиард теңге) қаржы жұмсады.

## Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы

### Жалпы мағлұмат

- ТШО серіктестері 2016 жылы Теңіз кен орнының өндірістік қуаттылығын арттырудың келесі кезеңі-Келешек кеңею жобасы мен Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (КҚЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыруға қатысты қорытынды шешімнің қабылданғаны туралы хабарлады.
- КҚЖ шикі мұнай өндіру көлемін жылына шамамен 12 миллион тоннаға немесе тәулігіне 260 мың баррельге арттырмақ. Мұнай өндірудің жалпы көлемі жылына шамамен 39 миллион тоннаны немесе тәулігіне 850 мың баррельді құрайды.
- ҰЕҚБЖ кеніштегі ұңғы ернеуіндегі қысымды төмендетіп, өнім зауытқа жеткен кезде қолданыстағы алты технологиялық желінің кіре берісіндегі қысымды көтеру арқылы Теңіз кен орнындағы қолданыстағы зауыттарды толық қуатта ұстап тұратын болады.

### Қазақстандық қамту

- ТШО КҚЖ-ҰЕҚБЖ жүзеге асырыла бастағаннан бері қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 12,6 миллиардтан астам АҚШ долларын жұмсады.

### Жоба бойынша жұмыс барысы

- Қазіргі таңда жоба 86%-ке аяқталды, барлық өндіруші ұңғымалардағы бұрғылау және игеру жұмыстары аяқталды, материалдар мен жабдықтар құрылыс алаңында, модульдерді қайта жинау жұмыстары және энергоқұралдар жүйесінің барлық модульдерін біріктіріп қосу аяқталды.
- КҚЖ-ҰЕҚБЖ – бұл білікті мамандарды даярлау, шетелдік компаниялармен серіктестік қатынас орнату арқылы технология алмасу және жергілікті инфрақұрылымды жаңғырту түрінде мұра қалдыруға мүмкіндік беретін ұлттық маңызы бар жоба.